

2025 жылғы 27 наурыз

## БАСПАСӨЗ РЕЛИЗИ

**ВСС Invest компаниясы қызметін исламдық қаржыландыру қағидаттарының негізінде жүзеге асыратын Қазақстандағы тұңғыш Wardat al Hayat интервалдық инвестициялық пай қорын іске қосты. Қор пайларының сауда-саттығы 27 наурыз күні KASE-де өтеді.**

**Ағымдағы жылдың ақпан айында ВСС Invest инвестициялық компаниясы Қазақстанда бірінші болып Wardat al Hayat интервалдық инвестициялық пай қорын (бұдан әрі – Қор) іске қосты, ол қызметін исламдық қаржыландыру қағидаттарын сақтай отырып жүзеге асырады\*.**

Wardat al Hayat қоры (араб тілінен «өмір гүлі» деп аударылады) ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінде тіркелген (ISIN KZPF00000900), сондай-ақ оның халықаралық шариғат кеңесшілері Alhamd Shariah Advisory Services берген шариғатқа сәйкестік сертификаты бар.

Қор исламдық инвестициялау қағидаттарын ұстанатын инвесторларға арналған және сенімді эмитенттердің тәуекелі аз құралдарына назар аудара отырып, консервативтік стратегияны ұсынады.

Қор Таяу Шығыс пен Оңтүстік Шығыс Азияның жетекші эмитенттері шығарған сукукке\*\* (исламдық бағалы қағаздар) инвестициялайды.

Қордың болжамды жылдық кірістілігі\*\*\* АҚШ долларымен шамамен жылдық 4%-ды құрайды. Төлем Компанияның шешімімен жасалады.

Қордың Ережесінде жыл қорытындысы бойынша Қор кірісінің (кіріс болған кезде) 1%-ы мөлшерінде қайырымдылық мақсатқа сыйақы төлеу көзделген. Төлем Компанияның шешімімен жасалады.

Қордың инвестициялық саясатын Шариғат байқау кеңесі реттеп отырады, ол инвестициялаған кезде шариғат нормаларының сақталуын қатаң қадағалайды.

*«Исламдық қаржыландыру қағидаттары бойынша тұңғыш инвестициялық пай қорын құру және оны іске қосу біз үшін кәсіби тұрғыда сынақ болды. Біз исламдық қаржы өнімдеріне мүдделі жүздеген мың инвестор үшін шариғат нормалары бойынша, бұл ретте ұлттық заңнаманың аясында және оның реттеуші талаптарына қатаң сәйкестікте инвестициялау қолжетімді болғанына қуаныштымыз. Біз Қазақстан нарығында тұңғыш жол салушы болғанымызды мақтан тұтамыз және исламдық инвестициялар нарығын одан әрі дамытуда үлкен әлеуетті байқап отырмыз», — деп атап өтті ВСС Invest компаниясының басқарма төрағасының орынбасары Әлібек Оразақов.*

*\* Wardat al Hayat қоры исламдық инвестициялық қор емес. Қор ҚНРДА-да 2024 жылғы 31 шілде күні тіркелді. Қордың ISIN: KZPF00000900.*

*\*\* Болашақта белгілі бір қаржы құралына инвестиция салу туралы мәлімдемелер инвестицияның қауіпсіздігінің және аталған инвестицияға байланысты ықтимал кіріс немесе шығын мөлшерінің тұрақтылығының кепілі болып табылмайды.*

*\*\*\* Болжамды жылдық кірістілік Басқарушы компанияның инвестициялық қызметі болашақта кіріс әкелетінінің кепілі болып табылмайды.*

Жеке және заңды тұлғалар Қордың инвесторлары бола алады. Пайдың номиналды құны – 100 АҚШ доллары.

20 наурыз күні Қордың пайлары KASE-де «Инвестициялық қорлардың бағалы қағаздары» секторында листинг рәсімінен өтті. 27 наурыз күні Қордың пайларының алғашқы сауда-саттығы басталды. Қордың пайларының сауда-саттығы «Банк ЦентрКредит» АҚ-тың bcc.kz мобильді қосымшасында да қолжетімді болады.

*«Қазақстандағы тұңғыш Wardat al Hayat интервалдық инвестициялық пай қорының іске қосылуы – еліміздегі исламдық қаржыны дамыту үшін елеулі оқиға. Исламдық қаржыландыру және бизнес қауымдастығының мүшесі болып табылатын BCC Invest инвестициялық компаниясы шариғат қағидаттарына сәйкес келетін осы құралды жасап шығару үшін үлкен жұмыс атқарды. Бұл Қор ашықтықты, тұрақтылықты және әдеп стандарттарына сәйкестікті қамтамасыз ете отырып, инвесторлар үшін жаңа мүмкіндіктер ашады. Біз Wardat al Hayat Қазақстанда исламдық қаржыландыруды одан әрі дамыту үшін маңызды кезең болатынына және осы болашағы зор секторға қатысушыларды көбірек тартатынына сенімдіміз», – деп атап өтті **Қазақстанның исламдық қаржыландыру және бизнес қауымдастығының төрайымы Мәдина Тукулова.***

Қор туралы толығырақ ақпарат <https://www.bcc-invest.kz/l/wardat-al-hayat> сайтында қолжетімді.

### **Компания туралы**

BCC Invest инвестициялық компаниясы 1998 жылдан бастап Қазақстанның бағалы қағаздар рыногында қызметін жүзеге асырады және брокерлік қызмет көрсету және номиналды ұстау, активтерді, оның ішінде зейнетақы активтерін сенімгерлік басқару, бағалы қағаздар листингі, бағалы қағаздар андеррайтингі мәселелері бойынша қаржылық кеңес беру қызметтерін көрсетеді. BCC Invest – «Банк ЦентрКредит» АҚ еншілес ұйымы.

Бағалы қағаздар нарығында қызметті жүзеге асыруға берілген 10.07.2018 жылғы №3.2.235/12 мемлекеттік лицензия.

### **БАҚ-пен байланысушы тұлға:**

Талита Жуматаева, тел.: +7 701 100 36 83  
e-mail: [tzhumatayeva@bcc-invest.kz](mailto:tzhumatayeva@bcc-invest.kz)